ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 7 маусым № 4712-23-00-2/1273 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы М.М.Джумаева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар министрлігі Маңғыстау облысы төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Ақтау қаласы)» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Андирова» атынан әрекет етуші Андирова Алия Сандибайкызына

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар министрлігі Маңғыстау облысы төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Ақтау қаласы)» мемлекеттік мекемесінің жауапкер дара кәсіпкер «Андирова» атынан әрекет етуші Андирова Алия Сандибайкызына келтірген мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Андирова» атынан әрекет етуші Андирова Алия Сандибайкызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Андирова» атынан әрекет етуші Андирова Алия Сандибайкызынан мемлекет пайдасына 18 192 (он сегіз мың бір жүз тоқсан

екі) теңге 50 тиын және 2 271 (екі мың екі жүз жетпіс бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда бе̇ріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **М.М.Джумаева**

Көшірмесі дұрыс:

Судья **М.М.Джумаева**

Анықтама: Шешім заңды күшіне 17.07.2023 жылы енді.

Судья **М.М.Джумаева**